

«Нұра жалпы білім беретін мектебінің» жанынан құралған
«Айгөлек»шағын орталығы

Бекітемін:
Мектеп директоры Д.И.Мусин



**2022– 2023 оқу жылының «Айгөлек » шағын
орталығының
жылдық жұмыс жоспары**

Тәрбиешісі: Г.М.Аширбекова

**«Нұра жалпы білім беретін мектебінің» жанынан құралған «Айгөлек»
шағын орталығының**

Жылдық есебі

Мазмұны:

1. Мәлімет
2. 2022-2023 оқу жылындағы барлық оқу іс - әректің ұйымдастыру бойынша білім беру саласы, бағдарлама тараулары арқылы ақыл-ой, тіл танымдылығының көркемдік-сұлулық, әлеуметтік және тұлға ретінде даму мақсаттарында жұмыс жүргізуі.
3. Өзара сабаққа қатысы, тәжірибе алмасу жұмыстарында үнемі қатысу.
4. Әдістемелік шығармашылық және балабақшаішілік жұмыстарға қатысу.
5. Баланың өздік білімін көтеру саласын жетілдіру.
6. Жаңашылдар мен озық тәжірибе иелерін басшылыққа ала отырып, оқу-тәрбие үрдісін жаңа технологиямен ұштастыра білу.
7. Тәрбиеленушілердің байқаулар мен жобаларға қатысуындағы мәлімет.
8. Байқаулар мен конференцияларға қатысуым жайында мәлімет (тәрбиеші)
9. Ата-аналар мен байланыс жұмыстар.
10. Қолданылған әдебиеттер.

1.Тәрбиеленушілер туралы мәлімет

2. « Балауса» шағын орталығында индиго платформасы арқылы 13 бала тәрбиеленіп жатыр оның 5 ұл бала, 8 қыз бала.

Осы уақыт аралығында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДА МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ТӘРБИЕЛЕУ – ОҚЫТУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ ХАТпен танысып, іс –жүзінде асыру барысы бойынша толық меңгеріп жұмыс жасалынды.

Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы 2022-2023 оқу жылы үлгілік типтік бағдарламасы бойынша « Балауса » шағын орталығында күн тәртібіне сәйкес жылдық жоспары бойынша оқу қызметі жүргізілуде.

«Денсаулық», « Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет»

5 сала бойынша папкалар ашылып, картотека жасалынды. Білім беру салаларына ұйымдастырылған оқу қызметтерін әдістемелік нұсқау хаттағы өтпелі тақырыптар бойынша перспективтік жоспар құрылып оқу қызметі жүргізілуде. Баланың бойына білім берудің негізгі мақсаты өсіп келе жатқан ұрпақтың болашаққа дайындау болып табылады.

Қыркүйек айында

- 1.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Бұйрығымен бекітілген ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы.)

2. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту (1-Қосымша Қазақстан Республикасы Үкіметінің жылғы "13" мамыр 2016 жылғы № 292 . Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 23 тамыз 2012 жылғы № 1080)
3. Бекіту туралы Санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" білім беру объектілеріне (бабы 6-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Кодексінің 144-18 қыркүйек 2009 жылы "халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі")
4. Бұйрығына өзгерістер енгізу туралы " қазақстан республикасы білім және ғылым министрлігінің 20 желтоқсан 2012 жылғы № 557 "үлгілік оқу жоспарларын бекіту Туралы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту"Қазақстан Республикасы танысып шықтым.
- Қазақстан Республикасы «Білім» туралы Заңының 51бабының 5- тармағында «Мұғалім өзінің педагогикалық шеберлігін , парасаттылығын , шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін үнемі жетілдіріп отыруға міндетті,»- делінген.
- ҚР Білім заңымен танысу. Саяси сауаттылықты көтеру
- 1.Білім туралы заң 2. Тіл туралы заң 3.Қазақстан Республикасы президентінің жолдауы 4. Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңы.

«Өлкемізге күз келді!» атты бау - бақшадағы жеміс-жидектерден көрме ұйымдастыру.(Табиғи материалдармен жекелеме мүсін жұмыс)

«Мәңгілік ел» патриоттық тәрбие бойынша жоспар құрылып, жұмыстар жүргізілуде. 2022-2023 оқу жылының мақсаты мен міндеттеріне сүйене отырып жоспарлар құрылды. І-жарты жылдық міндет бойынша «Мектепке дейінгі жастағы балалардың жас ерекшеліктеріне қарай ұлттық-рухани тәрбие арқылы жеке тұлғаның төл мәдениетін қалыптастырылуда.

І – ші топтық ата- аналар жиналысы өткізілді. «Мемлекеттік тіл, менің ана-тілім-ардағым» тақырыбында баяндама оқылып ата-аналар арасында пікір алмасты . Ата-аналар комитеті сайланды

2022–2023 оқу жылына балалардың негізгі құзретіліктерінің қалыптасуындағы жетістіктерін бағалау индикаторының бастапқы кезеңі көрсеткіші толтырылып, өз жас ерекшеліктері бойынша бастапқы бақылау өз деңгейінде болды, және әр балаға жеке даму картасы жүргізілуде. Қыркүйек айында қала күні болды, онда «Күздің түрлі -түстері» тақырыбында көрме ұйымдастырылды.

«Өлкемізге күз келді » тақырыбында табиғи материалдардан ата – аналардың көмегімен бірлесіп көрме ұйымдастырылды.

Мақсаты:

Балалардың өз бетімен танымын ынталандыру, ақыл-ой, шығармашылық қабілетін және тілін дамыта отырып адамгершілікке, еңбек сүйгіштікке алғырлыққа, шапшандылыққа тәрбиелеу.

Балалардың күз мезгілі, күзгі табиғат өзгерістері, астықтар, жемістер, көкөністер туралы мағұлматтарын арттыру. Балаларға күз туралы, күздің жомарттығы туралы, әсем де сұлу табиғатты тамашалай білуге, оған қамқорлықпен қарауға, табиғатты сезіне білуге тәрбиелеу.

Қазан айында, «Өлкемізге күз келді» тақырыбында табиғи материалдардан ата – аналардың көмегімен бірлесіп көрме ұйымдастырылса, «Арайлы-Алтын күз» тақырыбында музыка жетекшісінің көмегімен ертеңгілік өткізілді онда балалар өздерінің әндерін, өлең жолдарын, билерін, көріністерін көрсетіп өнерлерімен бөлісті

«Елін сүйген-Елбасы» Мақсаты: Рәміздермен таныстыру, президентіміздің ұстанымымен, өмір жолын үлгі етіп, балаларды Отанын, халқын, жерін сүйуге, батылдыққа, азаматтыққа, патриоттыққа тәрбиелеу «Елін сүйген-Елбасы» тақырыбында Абеуова.Б.Ж ашық оқу қызметін көрсетіп, іс-тәжірибесімен бөлісті. Сонымен қатар «Тәуелсіздік -тірегім» ашық оқу қызметін Тохметова Г оқу ісі-тіжірибесімен бөлісті.

Менің елім –Қазақстан атты қол өнер көрмесі

Мақсаты: 1.Туған елінің болашағына белсенді араласуға міндеттімін деп есептейтін саналы азамат тәрбиелеу;балалар өз ұлтына деген елжандылық сезімін қалыптастыру.

2.Балаларға қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ерлік күресі мен ғасырлар бойы басынан өткен қиыншылықтарын айта келіп, осы қиын жылдары елінің азаттығын, еркіндікті аңсаған ұлт зиялыларына тоқталу. Балалар бойындағы отан сүйгіштік-патриоттық сезімдерді тәрбиелеу. Балаларды Отанды сүйуге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, еліне, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру мақсатында олардың сөздік қорларын көбейтіп, танымдық қызығушылықтарын арттыру.

Сонымен қатар бала бойында рухани және адамгершілік негіздерін қалыптастыру, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге баулу мақсатында балаларды білім берумен ұлттық тәрбие жүйесін дамытуда отбасымен тығыз байланыста болу тақырыбында «Отбасы алтын ұям», «Отбасы- Рухани

жаңғыру негізі», «Денім сау болып өсіп келемін» ата-аналармен бірлесіп сурет көрмесі өткізілді.

Ата – аналардың көмегімен топта, Жаңа жыл ойыншықтары мен безендіру жұмыстары жүргізілді.

Тобымызда ата-аналармен бірлесіп Аяз ата шеберханасы тақырыбында көрме ұйымдастырылып тобымызды безендірдік. “Қош келдің, Жаңа жыл” тақырыбында ертеңгілік өткізілді. Онда балаларымыз өлең, тақпақ, билерімен өз өнерлерін ортаға салып ата-аналарын қуантты.

Ал наурыз айында «Ұлыстың ұлы күні 22- Наурыз мейрамы» атты ертеңгілік өтті.

Сонымен бірге ашық сабақ тәрбие сағаттарымен қатар аудандық білім бөлімінен келген апталықтар көлемінде бірнеше сабақтар, іс-шаралар өткізді. Тарихи-сауаттылық апталығы аясында тәрбиеленушілермен жоспар бойынша мұражайға, аулымыздағы ескерткіштерге де саяхат та жасалды. Тарихи сауаттылық апталығы 10-ші қазаннан 14-ші қазан аралығында болып өтті. Апталықтың төртінші күнінде НҰРА атындағы ЖББМ қарасты «АЙГӨЛЕК» шағын орталығының тәрбиешісі АШИРБЕКОВА ГУЛЬДЕН МУРАТБЕКОВНА апай «Туған жерге саяхат» атты сабақ өткізді. Тәрбиеші апайлар сабақтарында жаңа форматтағы әдіс-тәсілдерін тиімділігіне қарай шебер қолдана білді.

Сабақтың мақсаты бойынша тәрбиеленуші бүлдіршіндерге ауыл туралы түсінігін кеңейту, сөздік қорын молайту. «Ауылым-алтын бесігім» деген мақалдың мәнін аша келе, балаларды Отансүйгіштік рухта тәрбиелеу. Сабақты апай баларды ұйымдастыру мақсатында шаттық шеңберінен бастады. Апай сабақты әр түрлі тапсырмалар, әрқилы әдіс-тәсілдер қолдану арқылы оқушылармен жеке жұмыс, топпен жұмыс жасады. Апай балалармен тығыз қарым – қатынаста жұмыс жасай отырып, тәрбиеленушілерді ынталандыра, өзінің педагогикалық шеберлігін көрсете білді. Берліген тапсырмалар

балаларға қызықты болғандықтан, тапсырмалар тез орындалды. Сабақ барысында апай слайдтан ауылдағы түрлі ғимараттарды көрсетумен қатар, мақал – мәтел де қайталатып, сөзжұмбақ та толтырып үлгерді.

Ал екінші сабақты тәрбиеші Алибекова Нургул апай құрастыру сабағымен байланыстырып өткізді. Лаззат апай сабағын өте тартымды өткізді. Сабақты психологиялық ахуалдан бастап балаларды жақсы көңіл күйге бағыттай білді. Балалар өте тәртіпті, ынталы қатысты және топпен жұмыс жасай білді. Апай балалармен тығыз байланыста екенін, сонымен бірге апайдың шеберлігі жоғары екенін көрсете білді.

Сабақта апай балалармен қазақтың киіз үйіне ұлттық оюлары өрнектеп бояп, жапсырып бірлесе жұмыс жасалды. Сонымен қатар туған ауылдағы ғимараттар, олардың тарихын айта келе, басқа да маңайдағы көрнекті жерлерді таныстыру арқылы балалардың бойындағы туған жерге деген сүйіспеншілік қасиеттерін ашу, туған ауылдарын құрметтеу, таза ұстау керектігі жөнінде мағлұмат берді.

«Кемпірқосаққа саяхат» эстетикалық апталығы аясында балалардың түстердің сенсорлық стандарттарын игеруі; барлық түстерді бекіту және айналасында берілген түсті заттарды таба білу; балалардың шығармашылық және интеллектуалдық дамуы үшін қолайлы эмоционалды микроклимат құру.

Апталықтың бірінші күні «Қызыл күн», яғни кемпірқосақ апталығының ашылуы ойын-сауық, би, флешмопмен бастадық. Сосын Баданова Жанар апай аппликация сабағынан түрлі-түсті қағаздардан кемпірқосақ жапсырып, ұйымдастыру қызметін өткізді. Сабақта балалар түстерді атап, ретімен қойып, ноутбуктан кемпірқосақ мультфильмін көре отырып кемпірқосақты жапсырып шықты. Сабақтың соңында «Похитители красок» мультфильмін көріп балалар түстерді атады, көрген әсерлерімен бөлісті.

Апталықтың үшінші күнінде Аширбекова гульден апай жасыл пиязды отырғызу арқылы эксперимент сабақ өткізді. Тәрбиеленуші балалар жасыл пиязды ыдысқа отырғызып, топырағын салып, суғарды. Олар өсімдікті күтсе, аяласа, суғарса өсіп, өнім беретіні туралы мағлұмат алды. Музыка жетекшісі Алибекова Нургул апай балалармен «Шөпте шегіртке» әнін жататып, қосыла ән шырқады.

Төртінші күн көк күнді балалар орталық ішіндегі ойыншықтарды жинап, көрме жасаудан бастағанды жөн көрді. Осы ойын арқылы апай тәрбиеленуші бүлдіршіндерді түстерді айырып қана қойуға үйретпей, тәртіпке, ұқыптылыққа баулыды. Сонымен қатар сурет сабағынан «Көк ертегі және жеті түсті гүл» тақырыбында сурет салды

Түрлі-түсті күн, апталықтың бесінші жұма күні «Кемпірқосақ саяхаты» станциялары бойынша ойын балабақшаның барлық мамандарының өзара әрекеттесуі арқылы әр түстерді топтастыру арқылы сурет сабағынан гүл күлтешелерін салып бояу арқылы бастадық, әрі қарай спорттық ойындар ойнаумен жалғастырдық. Бұл сабақтың міндеті баланың эмоционалды қуанышты көңіл-күйін сақтау. Қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру (жолдасын тындай білу, өз пікірін шын жүректен айта білу, басқа балалардың пікіріне мейірімділік таныту), құрдастарымен мәдени қарым-қатынас жасау дағдылары. Айналадағы адамдарға мейірімділік пен құрмет сезімін тәрбиелеу, балалардың этикет туралы білімдерін нақтылау, әр адамның өмірінде мейірімділік, мейірімділік сияқты басқа қасиеттердің қаншалықты маңызды екенін көрсету. Ал ақпан айында «Ертегі патшалығында» математика апталығы өтті. Нұражалпы білім беретін атындағы ЖББМ қарасты «Балауса» шағын орталығында 6-10 ақпан аралығында математика апталығы өтті. Апталықтың 1-ші күні шағын орталық тәрбиеленушілері үшін апталықтың ашылуы болып өтті. Апталықтың ашылуында тәрбиешілерге апталық жоспарымен таныстырып өттім. Содан кейін апталыққа бет-бұрыс алу үшін шағын ойындар ойнатылды. Апталық белгілі бір жоспар бойынша емес, күнделікті ойын, ұйымдастырған оқу қызмет барысында өтті. Балалар апта бойы мазайка, судаку, түсін тап, көлеңкесін тап, айырмашылығын тап, ребус шешті, логикалық есепті секілді ойындар ойнады. Ойындарға балалар қызығушылық танытып, белсене араласты.

Даутова Лаззат апай түстердің көлеңкесін тап және түсін сәйкестендіріп боя ойындарын ойнатты. Нұргелді мен Шұғыла ойынға белсене араласса, Еркемай енжарлық танытып сурет бояудан қашты. Апай ойынды бастамас бұрын түстерді сұрап, балалардан көлеңке суреттерді сұрап, пішіндерді қайталауды ұмытпады. Балармен шаттық шеңберінде де пәнге байланысты жаттығулар жасап, қысқа тақпақтар жаттатты.

Ал Жанар апай тәрбиеленушілерге «үлкен-кіші», «сәйкес түсті тап» секілді ойындарды ойнатты. Бақыткүл апай ерекше көрнекіліктері арқылы балалардың жүрегіне жол таба білді. Үлкен-кіші ойынын ойнау барысында

апай орталықтағы ойыншықтарды пайдаланса, «түсін тап» ойынын ойнатуға қолдан көрнекілікті жасап әкеліп,балалар түймелерді түсін атай отырып орнына қойып шықты,сонымен бірге түймелердің санын да сұрауды ұмытпады.Ал «Жартысын тап» ойының ойнату барысында балалар шеңбер бөліктерін түсіне сай орнына орналастырып қана қоймай түстерді атап, санын санап өтті.

Апайлар көрнекіліктерді қолдап жасап,түрлі-түсті қылып шығарып тәрбиеленушілерді математика негіздеріне қызығушылығын арттыруға тырысты.Апталықтың мақсаты бойынша берілген тапсырмалардың дерлік барлығы апта ішінде орындалып,өз мақсатына жетті.Апта бойы балалар математика негізі пәні бойынша өз бойларына біраз мағлұмат алып,ойын ойнап,пішіндерді қайталап,санап үйренді.Жылдық жұмысты қорытындылай келе тәрбиеленушілердің жыл бойы алған білім ,білік дағдылары бастапқ,аралық,қорытынды дағдылары бойынша анықталып анализі жасалды.